

Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 134 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 29 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3971. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 129 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 129 қаулысымен.

"Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесі (осы қаулыға 1-қосымша) бекітілсін.
2. Осы қаулының 2-қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы 2005 жылғы 18 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.
4. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (Дюгай Н.Н.):
 - 1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қ а б ы л д а с ы н ;
 - 2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігіне, екінші деңгейдегі банктерге, "Қазақстан Қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне, "Активтерді Басқарушылар қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне және сауда-саттық ұйымдастырушыға жіберсін.
5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны алған күннен бастап үш күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат

құралдарында жариялауға шаралар қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.З. Айманбетоваға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығымен қаржы
ұйымдарын реттеу және
қадағалау агенттігі
Т ө р а ғ а с ы

2005 жылғы 4 қараша

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрлігі
Т ө р а ғ а с ы

2005 жылғы 11 қараша

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Т ө р а ғ а с ы

2005 жылғы 14 қараша

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі
Төрағаның бірінші орынбасары

2005 жылғы 4 қараша

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі
М и н и с т р і

2005 жылғы 22 қараша

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда
м и н и с т р л і г і
Бірінші Вице-министрі

2005 жылғы 17 қараша

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2005 жылғы 29 қазандағы
N 134 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесі

Осы Ереже " Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы ", " Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", " Лицензиялау туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және валюталық операцияларды жүзеге асыру тәртібін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) лицензияларды, тіркеу куәліктерін беру тәртібі мен талаптарын, сондай-ақ Ұлттық Банкке валюталық операцияларды жүргізу туралы хабарлау тәртібін белгілейді.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Негізгі ұғымдар және терминдер

1. Осы Ережеде қолданылатын ұғымдар "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) көрсетілген мәндерде пайдаланылады.

2. Осы Ереженің мақсаттары үшін сондай-ақ мынадай терминдер мен ұғымдар пайдаланылады:

көшірме - ксерокөшірме, факсимильді көшірме;
инвестициялау объектісі - бағалы қағаздары (қатысушылардың дауыстары) сатып алынатын (сатып алынған) заңды тұлға, сондай-ақ инвестициялық пай қоры. Депозитарлық қолхаттармен операциялар жүргізген жағдайда олардың базалық активі болып табылатын бағалы қағаздар эмитенті инвестициялау объектісі болып табылады;

тікелей инвестициялау объектісі - дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызы (қатысушылардың жалпы дауыс санының он және одан көп пайызы) тікелей инвесторға тиесілі заңды тұлға;

резидент емес инвестициялық қордың пайы - активтерін басқаруды резидент емес жүзеге асыратын инвестициялық пай қорының пайы;

валюта шартын қайта тіркеу - валюта шартын осы Ережеде көзделген жағдайларда кез келген келесі тіркеу;

тікелей инвестор - инвестициялау объектісіне тікелей инвестициялауды жүзеге асыратын (жүзеге асырған) заңды немесе жеке тұлға;

өз операциялары -валюта шартының тарабы болып табылатын резиденттердің өз атынан және меншікті қаражаты есебінен жасайтын валюталық операциялары;

басқарушы компания - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензиясы бар заңды тұлға;

бағалы қағаздар нарығына резидент емес қатысушы - ол тіркелген мемлекеттің заңнамасы бойынша бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқығы бар резидент емес.

3. Осы Ереженің мақсаты үшін тауар (жұмыс, қызмет көрсету) экспорты немесе импорты күні болып мыналар табылады:

Қазақстан Республикасында тауарларды негізгі кедендік ресімдеу күні; тауарды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтуді көздемейтін валюта шартының талаптарына сәйкес тауарға меншік құқығының көшкөн күні;

жұмыс (қызмет көрсету) орындауды растайтын құжаттарға қол қою (қабылдау) күні;

жұмыс (қызмет көрсету) орындауды растайтын құжаттар жасауды көздемейтін жұмыс (қызмет көрсету) орындау шарттары бойынша шот-фактуралар, инвойстарды ұсыну күні;

өзге жағдайларда валюта шартының талаптарына сәйкес міндеттемелерді орындаудың басталған күні.

4. Егер осы Ережеде өзгеше жазылмаса, заңды тұлғаларға қатысты белгіленген нормалар сондай-ақ олардың филиалдарына және өкілдіктеріне де қатысты қолданылады.

2-тарау. Валюталық операциялар бойынша ақша төлемдерін және аударымдарын жүргізу тәртібі

5. Валюталық операциялар бойынша ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын жүргізген кезде резидент (резидент емес) уәкілетті банкке мынадай құжаттар ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін);
2) Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығын растайтын құжат (жеке тұлғалар - шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар үшін), егер болса;

3) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу (есепке алу) туралы куәлік (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын резидент және резидент емес заңды тұлғалар үшін), егер осы құжат бұрын ұсынылмаған не өзгерген жағдайда;

4) Қазақстан Республикасы мемлекеттік статистикасының уәкілетті органы берген сәйкестендірілген бірегейлендіру коды берілгенін растайтын құжат (бұдан әрі - КҰЖЖ коды) (Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркелген заңды тұлғалар үшін), егер осы құжат бұрын ұсынылмаған не өзгерген жағдайда;

5) салық төлеушінің мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжат, не салық

органының осы тұлғаның Қазақстан Республикасының салық органында тіркеу есебінде тұрмағаны туралы құжаты, егер осы құжат бұрын ұсынылмаған не өзгерген жағдайда ;

б) валюта шарты ;

7) осы Ережеде көзделген жағдайларда лицензия, тіркеу куәлігі, хабарлама туралы куәлік ;

8) мәміле паспорты (мәміле паспортын ресімдеуді талап ететін тауарлар (жұмыс, қызмет көрсету) экспортына немесе импортына байланысты мәмілелер бойынша) ;

9) міндеттемелердің орындалғанын растайтын не соның негізінде орындалуы қажет құжаттар (экспортпен немесе импортпен байланысты мәмілелер бойынша)

Мәміленің жағдайларын нақтылау және операцияны және оның қатысушыларын жіктеу мақсатында резидент және резидент емес заңды тұлғалар , сондай-ақ уәкілетті банктердің талап етуі бойынша құрылтай құжаттарын ұсынады .

Резидент (резидент емес) осы тармаққа сәйкес талап етілетін құжаттарды және мәліметтерді ұсынбаған жағдайда уәкілетті банк осы Ереженің 6-тармағының екінші абзацында, 7 және 9 тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, валюталық операциялар бойынша ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын жүргізбейді.

6. Резидент лицензия және/немесе тіркеу куәлігі және (немесе) хабарлама туралы куәлік талап етілетін валюталық операциялар бойынша ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын жүргізген кезде резидент уәкілетті банкке осындай құжаттардың түпнұсқасын және көшірмесін береді. Оларды салыстырғаннан кейін көшірмелері уәкілетті банкте қалады, ал түпнұсқалары резидентке қайтарылады. Осы Ереженің 79-тармағында көзделген жағдайларда тіркеу куәлігінің түпнұсқасының орнына нотариат куәландырған немесе Ұлттық Банк растаған тіркеу куәлігінің көшірмесін ұсынуға рұқсат етіледі.

Хабарлама туралы куәлік болмаған жағдайда уәкілетті банк оны алу қажеттігі туралы резидентке хабарлай отырып, операцияны жүргізеді.

Лицензия және (немесе) тіркеу куәлігі талап етілетін валюталық операциялар жүргізу нәтижесінде алынған ақша резиденттің пайдасына түскен кезде уәкілетті банк резидентке осындай құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабарлайды және түскен ақшаны резиденттің банктік шотына лицензия және (немесе) тіркеу куәлігін ұсынғаннан кейін ғана есептейді. Уәкілетті банк лицензияда белгіленген міндеттемелерді орындау мерзімі өткен жағдайда ақшаны осы Ереженің 37-тармағында белгіленген талаптарды есепке ала отырып резиденттің банктік шотына есептейді.

7. Уәкілетті банктерде ашылған карт-шоттардан жүзеге асырылатын валюталық операциялар бойынша ақша төлемдері және (немесе) аударымдары, валюталық операциялар жүргізу үшін осындай карт-шоттардан қолма-қол ақша алу, сондай-ақ резиденттердің және резидент еместердің валюталық операциялар бойынша чек, вексель беру (өткізу) арқылы төлемдері уәкілетті банктерге осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген құжаттарды алдын ала ұсынбай жүзеге асырылады.

8. Резидент заңды тұлға валюталық операциялар бойынша карт-шоттан ақша аударымын жүргізген, валюталық операцияларды жүргізу үшін карт-шоттан он мың АҚШ доллары баламасынан асатын мөлшерде қолма-қол ақша алған жағдайда резидент-заңды тұлға уәкілетті банкке осы Ереженің 5-тармағының 6) және 9) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынады. Көрсетілген құжаттарды резидент-заңды тұлға жоғарыда көрсетілген операциялар жүргізілген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде ұсынады.

9. Осы Ереженің 5-тармағының 6) және 9) тармақшаларына, сондай-ақ резидент емес жеке тұлғалар үшін осы Ереженің 5-тармағының 5) тармақшасына сәйкес талап етілетін валюталық операциялар бойынша құжаттарды жеке тұлға ұсынуы мүмкін болмаған жағдайда уәкілетті банк ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын (ақша беруді) мақсатын көрсеткен кезде ғана, сондай-ақ ақша аударуға (ақша алуға) тапсырмада (өтініште):

1) осы ақша төлемі және (немесе) аударымы жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметіне, лицензия, тіркеу куәлігін, хабарлама туралы куәлік алуды, мәміле паспортын ресімдеуді талап ететін валюталық операцияларды оның жүзеге асыруына байланысты еместігін растайтын (осы Ереженің 5-тармағының 6) және 9) тармақшаларына сәйкес талап етілетін құжаттар болмаған жағдайда ғана);

2) уәкілетті банкке осы ақша төлемі және (немесе) аударымы туралы ақпаратты құқық қорғау органдарына және Ұлттық Банкке олардың талап етуі бойынша беруге рұқсат ететін жазбалар болған жағдайда жүзеге асырады.

Ақша аударымына (ақша алуға) тапсырмада (өтініште) көрсетілген шынайы емес деректерді ұсынғаны үшін жауапкершілік ақша жіберушіге (алушыға) жүктеледі.

10. Егер бір уәкілетті банк арқылы осы Ереженің 5-тармағының 6) және 9) тармақшаларына, сондай-ақ резидент емес жеке тұлғалар үшін осы Ереженің 5-тармағының 5) тармақшасына сәйкес талап етілетін құжаттарды ұсынбай жеке тұлғалар жүргізетін ақша төлемдерінің және (немесе аударымдарының) немесе өздерінің карт-шоттарын пайдалана отырып, валюталық операциялар бойынша ақша төлемдерінің және (немесе) аударымдарының жалпы сомасы күнтізбелік ай ішінде елу мың АҚШ доллары баламасынан асатын болса, уәкілетті банк күнтізбелік ай өткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке өзі

жүргізген ақша аударымдары туралы мынадай ақпаратты ұсынады:
жіберушінің (алушының) аты-жөні;
жіберушінің (алушының) салық төлеушісінің тіркеу нөмірі (бұдан әрі - СТН)
не осы тұлғаның Қазақстан Республикасында салық органдарында тіркеу
есебінде тұрмайтыны (болған кезде) туралы ақпарат;
банктік шот нөмірі;
жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы белгі;
аударым сомасы;
ақшаны алатын (жіберетін) ел;
осындай аударымдарды алушы (жіберуші) туралы қолда бар ақпарат.

11. Уәкілетті банктер арқылы резиденттердің және резидент еместердің міндеттемелерін орындау есебіне резидент үшінші тұлға жүргізетін ақша төлемдері және (немесе) аударымдары резидент үшінші тұлға мен атынан ақша төлемдері және (немесе) аударымдары жүзеге асырылатын тұлғаның арасындағы өзара міндеттемелердің сипатын анықтайтын шартты ұсынған жағдайда, егер бұл осының негізінде осындай ақша төлемдері мен аударымдарының орындалуы жүзеге асырылатын валюта шартында көрсетілмесе, жол беріледі.

12. Шетелдік банктердегі резидент еместердің шоттарынан резиденттердің міндеттемелерін орындау есебіне жүзеге асырылатын резиденттің валюталық операциялары бойынша ақша төлемдері және (немесе) аударымдарына мынадай жағдайларда :

1) резидент резидент еместен алған қаржылық заемды үшінші тұлғалардың шотына есептеуге ;

2) бағалы қағаздар нарығында резидентке ол тіркелген мемлекеттің заңнамасы бойынша бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқығы бар резидент еместің қаржылық қызмет көрсетуіне;

3) резидент еместің тапсырма шарты бойынша резидентке қызмет көрсетуіне жол беріледі.

3-тарау. Шетел валютасын сатып алу және сату тәртібі

13. Резидент заңды тұлғалар ішкі валюта нарығында ұлттық валютаға шетел валютасын резидент еместердің пайдасына, сондай-ақ Заңның 13-бабының 1)-5) , 8) және 11) тармақшаларында белгіленген жағдайларда резиденттердің пайдасына ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана сатып ала алады.

14. Ұлттық валютаға шетел валютасын сатып алуға тапсырысты ресімдеген кезде Заңның 13-бабының 2) тармақшасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, резидент заңды тұлғалар сатып алу мақсатын көрсетеді, сондай-ақ орындау үшін шетел валютасы сатып алынатын валюта шартын қоса береді және банкке оны пайдаланбаған жағдайда банктің бағамы бойынша осы валютаны

ұлттық валютаға сатуға уәкілеттік береді.

Шетел валютасының пайдаланылмаған бөлігі оны сатып алған күннен кейін отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін уәкілетті банктің ұлттық валютаға міндетті түрде сатуына жатады.

Резидент емес (резидент) резидент заңды тұлға алдындағы өз міндеттемелерін орындамауына, резидент заңды тұлғалар бұрын ұлттық валютаға сатып алған шетел валютасын төлем тапсырмасындағы қате деректемелер көрсетуге не қолма-қол алынған шетел валютасын пайдаланбауға байланысты қайтарған жағдайда оны резидент заңды тұлғаның банктік шотына есептеген күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін банктің бағамы бойынша ұлттық валютаға міндетті сатуға жатады.

Көрсетілген мерзім өткенге дейін банкке соған сәйкес шетел валютасы сатып алынған тапсырысқа сілтемесі бар өтініш-хатты және валюта шартын ұсынған кезде ұлттық валютаға сатып алынған шетел валютасы осы Ереженің 13-тармағында көзделген өзге де мақсаттарға қолданылуы мүмкін. Бұл ретте осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген мерзім ұзартылмайды.

15. Резидент заңды тұлғаларға аккредитивті есептесу нысанын көздейтін келісім-шарттар бойынша есептесу үшін қажетті шетел валютасы аккредитив бойынша төлем күні өткенге дейінгі мерзімге сатып алынады.

Резидент заңды тұлға шетел валютасын сатып алуға өтінімді ресімдеген кезде аккредитив бойынша ақы төлеу мерзімі өткен не есептесу нысандарын ақшаны пайдалануды көздемейтін өзгелеріне өзгерту күнінен бастап осы валютаны он күнтізбелік күн ішінде банктің бағамы бойынша ұлттық валютаға сатуға уәкілеттік береді. Аккредитивті есептесу нысанын ақшаны пайдалануды көздейтін өзге нысанға өзгерткен жағдайда шетел валютасы резидент заңды тұлғаның ағымдағы шотына есептеуге (аударуға) жатады және осы Ереженің 14-тармағында белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген мерзімде пайдаланылуға тиіс.

16. Резидент заңды тұлға ішкі валюта нарығында ұлттық валютаға сатып алынған шетел валютасын басқа уәкілетті банктегі өз шотына аударған кезде ақша жіберуші банк аударым жасаған кезде бенефициар банкке көрсетілген шетел валютасы ішкі валюта нарығында ұлттық валютаға сатып алынғаны туралы хабарлайды және оны сатып алу мақсаты мен күнін көрсетеді. Заңды тұлғаның осы тараудың талаптарын сақтауына бұдан әрі бақылау жасауды бенефициар банк жүзеге асырады.

4-тарау. Қолма-қол валютаны алу (есептеу) және пайдалану тәртібі

17. Резиденттер және резидент еместер банктік шоттардан қолма-қол ұлттық валютаны, сондай-ақ Заңның 16-бабының 1-тармағында көрсетілген валюталық

операциялар бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін жеке тұлғалар қолма-қол шетел валютасын алған кезде осы Ереженің 5-тармағының 6)-9) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

18. Уәкілетті банктердегі заңды тұлғалардың банктік шоттарынан қолма-қол шетел валютасы Заңның 16-бабының 1-тармағының 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру мақсатында алынуы мүмкін.

19. Заңды тұлғалар қолма-қол шетел валютасын алу үшін уәкілетті банкке валюта шарты ретінде қызметкерлерді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге іссапарға жіберу туралы бұйрықты, іссапар шығыстарының сметасын, жалақы төлеу туралы бұйрықты (өкімді) ұсынады.

20. Заңды тұлғалар қызметкерлерді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге іссапарға жіберуге байланысты шығыстарды төлеуге бұрын алынған қолма-қол шетел валютасының пайдаланылмаған бөлігі қызметкерлерді іссапарға жіберу мерзімі аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде заңды тұлға уәкілетті банктегі өзінің банктік шотына міндетті есептеуге жатады.

21. Осы Ереженің 18-20-тармақтарында жазылған нормалар Қазақстан Республикасында тіркелген шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер, консулдық мекемелеріне қолданылмайды.

22. Уәкілетті ұйымдар, қолма-қол шетел валютасына бөлшек сауданы және қызмет көрсетуді жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды тұлғалар, сондай-ақ өз қызметін Қазақстан Республикасының кеден аумағында кедендік бақылауда әуежайларда, порттарда және халықаралық қатынастар үшін ашылған шекара өткелдерінде жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар валюта шартын ұсынбастан уәкілетті банктердегі өздерінің банктік шоттарынан Заңның 16-бабының 1-тармағының 3), 4) және 7) тармақшаларында көзделген төлемдерді жүзеге асыру үшін қолма-қол шетел валютасын алуға құқылы.

2-бөлім. Валюталық реттеу режимдері туралы жалпы ережелер

23. Резидент, тиісінше Заңның 7-бабының 2-тармағына, 8-бабының 3-тармағына, 9-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалатын мерзімде Ұлттық Банкке лицензия, тіркеу куәлігін алуға өтініш береді, валюталық операция туралы хабарлайды.

24. Егер валюта шартына қол қою күні (ол болмаған жағдайда - күшіне енген күні) осындай шарт бойынша жүзеге асырылатын операцияларға валюталық реттеу режимдерінің қолданылуын айқындау үшін қажетті сома және (немесе) өзге де жағдайлар болмағанда валюталық реттеу режимдерінің операцияларға қолданылуы резиденттердің және резидент емесстердің валюта шарты бойынша міндеттемелерінің нақты орындалуын негізге ала отырып айқындалады.

Коммерциялық кредиттер мен қаржылық заемдар жағдайында, егер 180 күннен астам мерзімге жасалған валюта шарты шеңберінде тауарлар (жұмыс, қызмет көрсету) экспортын немесе импортын (бұдан әрі - жеткізу) және (немесе) төлемдерді бөліп-бөліп жүзеге асыру әрқайсысы бойынша міндеттемелер 180 күннен аспайтын мерзімде орындалатыны көзделсе, валюталық операция лицензиялауға, тіркеуге, хабарлауға жатпайды.

Тараптардың коммерциялық кредиттер бойынша нақты орындалған міндеттемелері бойынша әрбір келесі төлем (жеткізу) неғұрлым ертерек күнмен жүзеге асырылған жеткізу (төлем) бойынша берешекті өтеу есебіне есептеледі. Төлемнің (жеткізудің) қалған бөлігі келесі төлем (жеткізу) бойынша берешекті өтеу есебіне есептеледі.

Лицензиялау мақсаты үшін, егер валюта шартының талаптарында төлемдерді жеткізу есебіне есептеудің өзге тәртібі айқындалмаса, осы тармақтың үшінші абзацында айқындалған коммерциялық кредиттер бойынша лицензияланатын операциялардың сомасын есептеу тәртібі қолданылады.

Резиденттің резидент еместі кредиттеу мерзімін есептеу мақсаты үшін лицензиялау кезінде әрбір жеткізу (төлем) күні есепке алынады, ал лицензияланатын операция сомасы резидент еместің барлық жеткізулері (төлемдері) бойынша 180 күн ішінде өтелмеген берешегінің сомасы ретінде айқындалады.

Жеткізу (төлем) бойынша берешекті толық өтеу кезінде коммерциялық кредиттер және қаржылық заемдар бойынша тіркеу, хабарлау мақсаты үшін 180 күнді есептеудің басталуы ол бойынша өтелмеген берешек бар келесі жеткізу (төлем) күніне ауысады. Берешек сомасын есептеу барлық жеткізулер (төлемдер) бойынша ол бойынша берешек бар валюта шарты шеңберінде 180 күннен кем мерзімге берешекті қоса алғанда, барлық жеткізулер (төлемдер) бойынша жүргізіледі.

25. Өзге валютада көрсетілген және шарт бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін АҚШ долларына қатысы бойынша айырбастау бағамына нұсқауы жоқ шарттар бойынша АҚШ долларындағы валюта шарты сомасының баламасын айқындау үшін соманы қайта санау валюта шартына қол қойылған күнгі (ол болмаған жағдайда - күшіне енгізілген күнгі) Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп мақсатында қолданылатын бағам бойынша жүзеге асырылады.

Осы Ереженің 24-тармағында көрсетілген жағдайларда шарт бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін өзге валютада көрсетілген және АҚШ долларына қатынасы бойынша айырбастау бағамына нұсқаулары жоқ валюта шарттары бойынша нақты орындалған міндеттемелер сомасының АҚШ долларындағы баламасын айқындау үшін соманы қайта санау операцияларды жүргізу күнгі

Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп мақсатында қолданылатын бағам бойынша жүзеге асырылады.

26. Валюталық реттеу режимдерінің шеңберінде ұсынылатын және (немесе) тиісті есептерде көрсетілетін мәліметтердің шынайылығына бақылау жасау мақсатында осы Ережеде белгіленген жағдайларда және (немесе) Ұлттық Банктің сұратуы бойынша резидент Ұлттық Банкке валюта шарты бойынша міндеттемелердің туындауын, орындалуын және тоқтатылуын растайтын мынадай құжаттарды ұсынады:

1) төлем жүргізу не тауар жеткізудің (жұмыс, қызмет көрсету), сондай-ақ активтерді берудің негізділігін растайтын құжаттардың көшірмелері (төлем құжаттарының, жүк кеден декларацияларының, шот фактуралардың және басқаларының көшірмелері);

2) уәкілетті банктің ақша төлемдері мен аударымдары жүргізілгені туралы анықтамасы;

3) мәміле паспорты ресімделген мәміле бойынша тауарлар қозғалысы (экспорт, импорт) туралы кеден органының анықтамасы;

4) мәміле паспорты.

27. Ұлттық Банк келісілген тәртіппен банкке, кеден ісі мәселелері бойынша уәкілетті органға (тауарлардың орнын ауыстыруды көздейтін мәмілелер бөлігінде), салық қызметі органдарына берілген және күші жойылған лицензиялар, тіркеу куәліктері, хабарлау туралы куәліктер туралы ақпарат ұсынады.

28. Банктер ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5 күніне дейін (қоса алғанда), Ұлттық Банктің орталық аппаратына осы Ереженің 1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша банктерді қоспағанда, заңды тұлғаларға, сондай-ақ жеке тұлғаларға тіркеу куәліктері, хабарлама туралы куәліктер берілген валюта шарттары бойынша қаражаттың қозғалысы туралы есепті ұсынады.

29. Резидентке тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің түпнұсқасы жоғалған кезде ол өтінішпен хабарласқан жағдайда жоғалған құжаттың дубликаты беріледі.

Резидент дубликатты алу үшін валюта шарты немесе валюталық операциялар туралы хабарламаны тіркеу орны бойынша жоғалту себебі мен жағдайын көрсете отырып, өтініш береді. Ұлттық Банк өтініш түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде дубликатты ресімдейді және береді. Дубликат бастапқы тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің бастапқы нөмірімен және күнімен "Дубликат" деген сөзді және дубликат берілген күнді көрсете отырып беріледі.

Лицензияның дубликатын беру "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

30. Лицензиялауды, тіркеуді, хабарлама туралы растауды Ұлттық Банк тарапынан тиісті валюталық операциялар (валюта шарттары) бойынша қатысушылардың міндеттемелеріне қатысты қандай да болмасын міндеттеме алмай Ұлттық Банк жүргізеді.

Лицензияның, тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің болуы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзғаны үшін жауапкершіліктен босату үшін негіз болып табылмайды.

3-бөлім. Валюталық операцияларды лицензиялау режимі

5-тарау. Жалпы талаптар

31. Жүз мың АҚШ доллары баламасынан жоғары сомада осы Ереженің 45-тармағында көзделген операцияларды жүргізуге бір жолғы лицензиялар алуға, сондай-ақ заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалардың осы Ереженің 3-бөлімінің 8-тарауында көзделген шетелдік банкте шоттар ашуға берілетін операциялық лицензияларды алуға арналған біліктілік талаптарына мыналар кіреді:

- 1) салық берешегінің болмауы;
- 2) бюджет қаражаты есебінен берілген кредиттер бойынша, үкіметтік сыртқы заемдардың және мемлекеттік кепілдіктерді орындаудан туындаған талаптар бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы.

32. Өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар ретінде лицензия алуға өтініш берген күнге дейінгі отыз күнтізбелік күннен аспайтын уақытта тиісті мемлекеттік органдар берген мынадай құжаттар ұсынылады:

салық төлеушінің бюджет алдында салық берешегінің жоқ екені (бар екені) туралы салық қызметі органы берген белгіленген нысандағы құжат. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімінің өзгергені туралы шешім болған кезде - салық қызметі органының осы фактіні растайтын құжаты;

салық төлеушінің бюджет алдында салық берешегінің жоқ екені (бар екені) туралы кеден органы берген белгіленген нысандағы құжат. Кеден төлемдерін төлеу мерзімінің өзгергені туралы шешім болған кезде - кеден органының осы фактіні растайтын құжаты;

Қазақстан Республикасының бюджеттің орындалуы жөніндегі орталық уәкілетті органының республикалық бюджет қаражаты және үкіметтік сыртқы заемдар есебінен берілген кредиттер бойынша және мемлекеттік кепілдіктерді орындаудан туындаған талаптар бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқ екені туралы құжаты;

жергілікті атқарушы органның жергілікті бюджет қаражаты есебінен берілген кредиттер бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқ екені туралы құжаты.

Ұлттық Банктің (Ұлттық Банктің аумақтық филиалының) сұратуы бойынша

толық емес құжаттар пакетін ұсынған жағдайда өтініш беруші салық төлеушінің бюджет алдындағы неғұрлым кеш мерзімді салық берешегінің жоқ екені (бар екені) туралы салық қызметі органының, сондай-ақ кеден органының құжаттарын ұсынады.

33. Лицензияларды, Ұлттық Банктің аумақтық филиалы жеке тұлғаның тұрақты тұратын орны бойынша не заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша беретін, осы Ереженің 43, 54-тармақтарында көзделген операцияларға лицензияларды қоспағанда, Ұлттық Банктің орталық аппараты береді.

34. Осы Ереженің 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша лицензия, не лицензия беруден бас тарту туралы дәлелді жауабы өтініш беруші барлық қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде беріледі (осы Ереженің 43, 49-тармақтарында көзделген операциялар бойынша - он бес күнтізбелік күн ішінде).

Осы Ереженің 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша лицензия, не лицензия беруден бас тарту туралы дәлелді жауап шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын резидентке резидент барлық қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде беріледі. Бұл ретте өтініште заңды тұлғаның шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын көрсететін жазба ж а с а л у ы т и і с .

Лицензия беруден бас тарту Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

Осы Ереженің 43-тармағында көзделген операцияларды резидент лицензия алу үшін Ұлттық Банктің орталық аппаратына өтініш бергеннен кейін аяқтаған жағдайда Ұлттық Банктің орталық аппараты резидент барлық қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде жалпы талаптарға сәйкес береді.

6-тарау. Коммерциялық кредиттер

35. Ұлттық Банк (Ұлттық Банктің аумақтық филиалы осы Ереженің 42-тармағында көзделген жағдайларда) резиденттің резидент емеске 180 күннен астам мерзімге коммерциялық кредит беруіне лицензия береді (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жекелеген тауарлар тізбесі бойынша 365 күн - бұдан әрі - тауарлардың жекелеген тізбесі).

Резиденттің резидент емеске он мың АҚШ доллары баламасынан аспайтын мөлшерде коммерциялық кредит беруі Ұлттық Банкте лицензиялауға жатпайды.

Ұлттық Банк коммерциялық кредит сомасына, ал лицензиялауға жататын операцияның нақты сомасын белгілеу мүмкін болмаған жағдайда - мәміленің талаптарына сәйкес импорт бойынша аванстық төлемдердің немесе экспорт бойынша тауар жеткізудің жалпы сомасына лицензия береді.

36. Резиденттің резидент емеске 180 күннен астам мерзімге немесе 365 күннен астам мерзімге коммерциялық кредит беруіне арналған лицензия біржолғы болып табылады. Лицензияда тараптардың міндеттемелерді орындау мерзімі мәміленің талаптарына сәйкес өтініште көрсетілген мерзімдерді негізге ала отырып белгіленеді.

37. Лицензия берілген операция бойынша валюталық бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті банк ол лицензияда көрсетілген мерзімде аяқталмаған жағдайда бұл факті туралы жеке тұлғаның тұрақты тұратын орны не заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына осы Ереженің 3-қосымшасында белгіленген нысан бойынша лицензияда көрсетілген міндеттемелерді орындау мерзімі аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарлайды.

38. Резиденттің резидент емеске коммерциялық кредит беруіне арналған лицензияны алу үшін Ұлттық Банкке "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған және 8), 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды қоспағанда Заңның 10-бабында көзделген құжаттар ұсынылады.

Өтініш осы Ереженің 4-қосымшасында белгіленген нысан бойынша көрсетілген қосымшаның 1-бөлімін толтыра отырып ұсынылады.

Валюта шарты бойынша міндеттемелердің пайда болуын, орындалуын және тоқтатылуын растайтын құжаттар ретінде мыналар ұсынылады:

осы Ереженің 42-тармағында көзделген операциялар үшін - осы Ереженің 26-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттар;

осы Ереженің 35-тармағында көзделген операциялар үшін (тауарлардың жекелеген тізбесі бойынша) - осы Ереженің 26-тармағының 1), 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттар;

өзге операциялар үшін - осы Ереженің 26-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжаттар.

39. Осы Ереженің 35-тармағында көзделген операцияларды жүргізуге лицензия алған лицензиат Ұлттық Банкке тоқсан сайын, есептік кезеңнен кейінгі айдың 20 күніне дейін (қоса алғанда) мәміле паспортын ресімдеуді талап ететін тауарлар экспортын (импортын) көздеген жағдайларды қоспағанда, осы Ереженің 5-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есеп ұсынуы қажет.

Мәміле тауарлар (жұмыс, қызмет көрсету) экспортын және (немесе) импортын көздеген жағдайда есеп мәміле паспортын ресімдеуді талап етпейтін мәміленің бір бөлігіне ұсынылады.

40. Тауарлардың (жұмыс, қызмет көрсету) өзара экспорты және импортының үздіксіз тізбегін және коммерциялық кредит сомасын алдын ала белгілеуге мүмкіндік бермейтін талаптарды өзара есептеу қағидаты бойынша есептесулерді жүзеге асыруды көздейтін резидент еместермен бірыңғай көлік жүйесі

43. Мәміле паспорты ресімделген коммерциялық кредиттер бойынша операциялар мынадай жағдайларда аяқталған болып саналады:

1) экспорт бойынша:

уәкілетті банкке ақы төлеу мерзімі 180 күннен асатын (тауарлардың жекелеген тізбесі жағдайда 365 күн) экспортталған тауардың барлық құнына экспорттық түсім түскен кезде не резидент емес экспортталған тауарды экспортталған күннен бастап 180 күн өткеннен кейін (тауарлардың жекелеген тізбесі жағдайда 365 күн) барлық құнына қайтарғанда;

уәкілетті банкке ақы төлеу мерзімі 180 (тауарлардың жекелеген тізбесі жағдайда 365 күн) күннен асатын экспортталатын тауарға экспорттық түсімнің бір бөлігі түскен кезде және резидент емес экспортталған күннен бастап 180 күн өткеннен кейін (тауарлардың жекелеген тізбесі жағдайда 365 күн) экспортталған тауардың, жиынтығында коммерциялық кредиттің толық сомасын құрайтын бір бөлігін қайтарғанда;

2) импорт бойынша:

мерзімі 180 күннен асатын Қазақстан Республикасына аванстық төлемнің барлық сомасына тауар түскен кезде не резидент емес төлем күнінен бастап 180 күннен асатын мерзімде міндеттемесін орындамаған жағдайда аванстық төлемнің барлық сомасын қайтарғанда;

аванстық төлем күнінен бастап 180 күн өткеннен кейін Қазақстан Республикасына тауардың бір бөлігі түскен кезде және аванстық төлемнің жиынтығында коммерциялық кредиттің толық сомасын құрайтын бір бөлігін қайтарғанда.

44. Осы Ереженің 42-тармағында көзделген операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Заңның 10-бабының 5) тармақшасында көзделген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

7-тарау. Жарғылық капиталға қатысу, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операциялар

45. Ұлттық Банк Заңның 22-бабында айқындалған мынадай операцияларды лицензиялауды жүзеге асырады:

резиденттердің резидент еместердің бағалы қағаздарын сатып алуы;
резиденттердің резидент еместердің инвестициялық қорлары пайларын сатып алуы;

резиденттердің резидент еместердің жарғылық капиталына қатысуды қамтамасыз ету мақсатында салымдар салуы;

резиденттер мен резидент еместер арасындағы туынды қаржы құралдарымен операциялар.

46. Осы Ереженің 45-тармағында көрсетілген операцияларды жүзеге асыруға берілген лицензиялар, брокерлерге және (немесе) дилерлерге, басқарушы компанияларға берілетін, сондай-ақ резидент емес бағалы қағаздар нарығына қатысушы арқылы көрсетілген, операциялық болып табылатын операцияларды жүзеге асыруға құқық беретін лицензияларды қоспағанда, бір жолғы болып табылады.

47. Осы Ереженің 45-тармағында көрсетілген операцияларды жүзеге асыруға арналған біржолғы лицензияны алу үшін "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған құжаттарды және 9), 10) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды қоспағанда, Заңның 10-бабында көрсетілген құжаттарды Ұлттық Банкке ұсынады.

Өтініш көрсетілген Қосымшаның 2-бөлімінің 1-бөлігін толтыра отырып, осы Ереженің 4-қосымшасында белгіленген нысан бойынша ұсынылады.

48. Осы Ереженің 47-тармағында көзделген лицензияны алған Лицензиат, тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) осы Ереженің 6-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепті Ұлттық Банкке ұсынады.

Лицензиат есептерді активті игерудің барлық кезеңінде ұсынады.

49. Брокерлер және (немесе) дилерлер, басқарушы компаниялар операциялық лицензия алу үшін "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған құжаттарды және 2), 8)-10) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды қоспағанда, Заңның 10-бабында көрсетілген құжаттарды Ұлттық Банкке ұсынады.

Өтініш көрсетілген Қосымшаның 2-бөлімінің 2-бөлігін толтыра отырып, осы Ереженің 4-қосымшасында белгіленген нысан бойынша ұсынылады.

50. Брокерлер және (немесе) дилерлер, сондай-ақ басқарушы компаниялар қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптар шеңберінде операциялық лицензия негізінде мынадай операцияларды жүргізеді:

1) халықаралық қаржы ұйымдары эмиссиялаған, Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберілген бағалы қағаздарды сатып алу;

2) "Fitch", "Standard & Poor's", "Moody's Investors Service" рейтинг агенттіктерінің біреуінің жіктеуі бойынша Қазақстан Республикасына тағайындалған егеменді рейтингтен төмен емес рейтингі бар шетелдік эмитенттердің облигацияларын және өзге борыштық бағалы қағаздарын сатып алу;

3) "Fitch", "Standard & Poor's", "Moody's Investors Service" рейтинг агенттіктерінің біреуінің жіктеуі бойынша Қазақстан Республикасына

тағайындалған егеменді рейтингтен төмен емес кредиттік рейтингі бар шетелдік эмитенттердің акцияларын сатып алу;

4) резидент еместердің тиісті лицензия негізінде өзге резиденттің бұрын сатып алған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасына айналысқа жіберілген бағалы қағаздарын сатып алу;

5) базалық активі резидент еместердің бағалы қағаздары болып табылатын қазақстандық депозитарлық қолхаттарды сатып алу;

6) туынды қаржы құралдары бойынша резидент еместермен операциялар;

7) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылатын өзге операциялар, нәтижесінде бағалы қағаздардың нарықтық құны (инвестициялық қорлардың пайлары, резидент еместердің жарғылық капиталына үлестері) әр күнтізбелік айдың аяғында тиісті күнгі меншік активтерінің құнының 60 (алпыс) пайызынан аспайтын бөлігін құрайды;

8) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды ескере отырып, инвестициялық қордың қаражаты есебінен басқарушы компаниялар жүзеге асыратын өзге операциялар;

9) клиенттердің қаражаты есебінен бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары жүзеге асыратын өзге операциялар.

51. Лицензиат осы Ереженің 50-тармағында белгіленген талаптарды бұзған жағдайда есепті кезең аяқталғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде активтер құрылымын осы талаптарға сәйкес келтіруге не біржолғы лицензия алу үшін Ұлттық Банкке өтініш жасауға тиіс.

52. Осы Ереженің 45-тармағында көрсетілген операцияларды резидент емес бағалы қағаздар нарығына қатысушы арқылы жүзеге асыруға арналған операциялық лицензия алу үшін "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Заңның 10-бабында көзделген құжаттар, осы баптың 9), 10) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, Ұлттық Банкке ұсынылады.

Валюта шарты ретінде резидент емес бағалы қағаздар нарығына қатысушының бағалы қағаздар нарығында қызмет көрсетуге арналған шартының көшірмесі ұсынылады.

Резиденттің (бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларынан басқасы) және резидент емес бағалы қағаздар нарығына қатысушысының арасындағы мәмілелердің осы Ереженің 45-тармағында көзделген операцияларды резидент емес бағалы қағаздар нарығына қатысушысының резидент клиенттің тапсырмасы бойынша, мүддесімен және қаражаты есебінен жасауды көздейтін шарттары мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1) валюта шарты өзі тіркелген мемлекеттің заңнамасы бойынша бағалы

қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқығы бар резидент емес заңды тұлғамен жасалған;

2) валюта шарты өзі тіркелген аймақта, "Fitch", "Standard & Poor's", "Moody's Investors Service" рейтингтік агенттіктердің біреуінің жіктеуі бойынша Қазақстан Республикасына тағайындалған егеменді рейтингтен төмен емес рейтингі бар елдің резидент емес бағалы қағаздар нарығына қатысушымен жасалған.

3) алынып тасталды.

Ескерту: 52-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 75 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

53. Операциялық лицензия алған лицензиат есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-не дейін (қоса алғанда) ай сайын Ұлттық Банкке:

1) осы Ереженің 7-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепті;

2) лицензия алу үшін бұрын ұсынылған құжаттардағы барлық жүзеге асырылған өзгерістер туралы ақпаратты;

3) қайта құрылған инвестициялық қорлар туралы, сондай-ақ инвестициялық қорлардың (басқарушы компаниялар үшін) қызметін белгілейтін құжаттарға барлық енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты ұсынуы қажет.

8-тарау. Резиденттердің шетел банктерінде шоттар ашуы

54. Резиденттердің шетел банктерінде шоттар ашуға арналған лицензиялары заңды тұлғаларға Ұлттық Банктің орталық аппаратында беріледі.

Резиденттердің шетел банктерінде шоттар ашуға арналған лицензиялары жеке тұлғаларға жеке тұлғаның тұрақты мекен-жайында орналасқан Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарында беріледі.

55. Резиденттердің шетел банктерінде шоттар ашуға арналған лицензиялары операциялық болып табылады.

Шетелдік банкте шот ашуға арналған лицензияны алу үшін "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған құжаттарды және 2), 9), 10) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды қоспағанда, Заңның 10-бабында көрсетілген құжаттарды Ұлттық Банкке (Ұлттық Банктің аумақтық филиалына) ұсынады. Жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлғалар, сондай-ақ Заңның 10-бабының 8) тармақшасында көзделген құжаттарды ұсынбайды.

Өтініш көрсетілген Қосымшаның 3-бөлімін толтыра отырып, осы Ереженің 4-қосымшасында белгіленген нысан бойынша ұсынылады.

Резидент уәкілетті банктердегі шоттар арқылы валюта операцияларын жүзеге асырудың мүмкін еместігіне негіздеме ретінде шетелдік банкте шоттар ашу қажеттілігін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

56. Тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) лицензиаттар осы Ереженің 8-қосымшасында белгіленген нысан бойынша

шоттағы қаражат қозғалысы туралы есепті лицензия алған орны бойынша
ұ с ы н а д ы .

Ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) лицензиат (заңды тұлға, сондай-ақ жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға) шетелдік банкте ашылатын шот бойынша үзінді-көшірмелердің түпнұсқаларын Ұлттық Банкке ұсынады. Жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға үзінді-көшірмелерді Ұлттық Банктің сұратуы бойынша ұсынады.

57. Заңды тұлғаға, сондай-ақ жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаға резиденттің лицензия алуға арналған өтінішінде ұсынылған негіздемені ескере отырып қаражат қалдығының лимиті және шотты пайдалану режимі белгіленеді.

Заңды тұлғаның, сондай-ақ жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның айдың аяғында лицензияда белгіленген лимит сомасынан асатын шетелдік банктегі шотының қаражат қалдығы лицензиаттың Қазақстан Республикасының уәкілетті банкінде ашылған шотына отыз күнтізбелік күн ішінде аударылуы тиіс.

4-бөлім. Валюта операцияларын тіркеу режимі

9-тарау. Жалпы талаптар

58. Ұлттық Банк осы Ереженің 66-тармағында көрсетілген операцияларды қоспағанда, мынадай жағдайларда:

1) мүліктің (қаражаттың) Қазақстан Республикасына түсуін және (немесе) резидентте мүлікті (қаражатты) резидент емеске қайтару міндеттемелерінің туындауын көздейтін валюта операциясының сомасы баламасы үш жүз мың АҚШ долларынан асып кеткенде;

2) Қазақстан Республикасынан қаражат аударуды (мүлікті беруді) және (немесе) резидентте мүлікті (қаражатты) резидент еместің қайтаруы талаптарының туындауын көздейтін валюта операциясының сомасы баламасы он мың АҚШ долларынан асып кеткенде Заңның 20-24-баптарында айқындалған валюта операцияларын тіркеуді жүзеге асырады.

59. Валюта шартын тіркеу (қайта тіркеу) үшін (бұдан әрі - тіркеу) валюта шартының резидент қатысушысы жеке тұлғаның тұрақты мекен-жайы бойынша және заңды тұлғаның мекен-жайы бойынша орналасқан Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өтініш жасайды.

Осы Ереженің 9-қосымшасында белгіленген нысан бойынша тіркеу куәлігі не оны беруден бас тарту туралы дәлелді жауап өтініш берушілер барлық қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде беріледі.

Тіркеу куәлігі жеке және заңды тұлғаларға беріледі. Резидент заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) осы филиал (өкілдік) жүзеге асыратын валюта операцияларын тіркеуге өтініш жасаған кезде тіркеу куәлігі тиісті филиалды (өкілдікті) көрсете отырып, резидент заңды тұлғаға беріледі. Осы операциялар бойынша есептерді одан әрі филиал (өкілдік) береді.

60. Тіркеу куәлігі тараптар міндеттемелерін (оның ішінде валюта шартының қолданылу мерзімі аяқталатын күнге орындалмаған міндеттемелер) толық орындағанға дейін қолданылады.

61. Резидент қолданылу кезеңінде туындайтын тіркелген валюта шартына барлық өзгерістер мен толықтыруларды мұндай өзгерістер мен толықтырулар енгізген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей тіркелген орны бойынша хабарлайды.

62. Валюта шартын қайта тіркеу бұрын берілген тіркеу куәлігінде көрсетілген мынадай көрсеткіштер өзгерген кезде талап етіледі:

валюта шартының жалпы сомасының көбеюі;

валюта шартының валютасы;

валюта шартының қатысушылары;

валюта шартының мәні;

валюта шартының қолданылу мерзімі - қысқа мерзімдіден (бір жыл және одан кем) ұзақ мерзімдіге (бір жылдан астам) өту кезінде;

резиденттің тұрақты тұратын (болатын) мекені - басқа облысқа қайта орналасу кезінде;

резидент еместің тұрақты тұратын (болатын) мекені - басқа елге қайта орналасу кезінде (жеке тұлғаның тұрақты тұратын елінің өзгеруі немесе заңды тұлғаны тіркеу).

63. Валюта шартын қайта тіркеу кезінде құжаттарды қайта тапсыру Ұлттық Банкке оларды соңғы ұсыну кезінен бастап өзгермеген болса талап етілмейді.

64. Валюта шартын қайта тіркеу тараптардың валюта шартын мерзімінен бұрын бұзған, кредитордың борышты толық немесе ішінара есептен шығарған (кешірген) жағдайларда талап етілмейді.

65. Тіркеу куәлігі мынадай жағдайларда күшін жойған деп саналады: валюта шартын қайта тіркеу кезінде және жаңа тіркеу куәлігін берген кезде; егер валюта операциясы заңнамада белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылса;

Ұлттық Банк резиденттен тараптардың міндеттемелерді толық орындағаны, кредитордың борышты толық немесе ішінара есептен шығарғаны (кешіргені) және (немесе) тараптардың валюта шартын бұзғаны туралы хабарлама алғаннан кейін;

Ұлттық Банк резиденттен шетел банкінде шотты жабу туралы жазбаша хабар алғаннан кейін;

Ұлттық Банк резиденттен қаржыландыру үшін шетелдік банкте шот ашылған филиалды және (немесе) өкілдікті жабу туралы жазбаша хабарлама алғаннан

к е й і н ;

заңды тұлғаны таратуға байланысты міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігі немесе құқықтық мұрагері болмаған кезде жеке тұлғаның қайтыс болуы.

66. Осы Ережеге сәйкес тіркеуге мыналар жатпайды:

1) мемлекеттік сыртқы заемдар, мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес сыртқы заемдар туралы келісімдер, сондай-ақ осы келісімдер шеңберінде жүзеге асырылатын операциялар ;

2) валюта шартының толық сомасына мәмілелер паспорты ресімделген тауарлардың экспортына (импортына) байланысты коммерциялық кредиттер;

3) осы Ереженің 5-бөліміне сәйкес хабарлау режимінде жүзеге асырылатын банктердің өз операциялары ;

4) резидент еместердің Қазақстан Республикасында шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуы ;

5) резидент еместердің қазақстандық депозитарлық қолхаттарды сатып алуы ;

6) резидент брокермен жасалған брокерлік қызмет көрсету туралы шарттың негізінде жүзеге асырылатын резиденттердің бағалы қағаздарын резидент еместердің сатып алуы ;

7) қайталама нарықта басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес және олардың аумағында шығарылған резиденттердің бағалы қағаздарын (резиденттердің бағалы қағаздарына шығарылған депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда) резидент еместердің сатып алуы ;

8) Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері жүзеге асыратын валюта операциялары .

Осы тармақтың 3) тармақшасындағы ереже резидент еместің банк болып табылмайтын резиденттен банктің акцияларын сатып алуына, сондай-ақ банк болып табылмайтын резиденттің банктен резидент еместің акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алуына қолданылмайды. Бұл жағдайларда банк болып табылмайтын резидент тіркелуге өтініш жасайды.

Осы тармақтың 6) тармақшасындағы ереже резиденттердің бағалы қағаздарды халықаралық капитал нарықтарына бастапқы орналастыруына және резиденттердің бағалы қағаздарына арналған депозитарлық қолхаттарды шығаруына қолданылмайды.

10-тарау. Қаржылық заемдар және коммерциялық кредиттер

67. Резидент қаржылық заемдарды және коммерциялық кредиттерді тіркеу үшін 5), 8), 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды қоспағанда, Заңның 10-бабында көзделген құжаттарды ұсынады.

Тіркеуге арналған өтініш көрсетілген қосымшаның 1-бөлімін толтыра отырып, осы Ереженің 10-қосымшасында белгіленген нысан бойынша ұсынылады.

68. Резидент тоқсан сайын келесі есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда), осы Ереженің 11-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепті валюта шартын тіркеген жерге ұсынады.

69. Резидент еместердің барлық жеткізулері (төлемдері) бойынша резиденттің берешек сомасы валюталық шарт шеңберінде баламасы үш жүз мың АҚШ долларынан асып кетсе не резиденттің барлық жеткізулері (төлемдері) бойынша резидент еместің берешек сомасы валюталық шарт шеңберінде баламасы он мың АҚШ долларынан асып кетсе тіркеуден өткізіледі.

11-тарау. Тікелей инвестициялар, жарғылық капиталға қатысу, бағалы қағаздармен операциялар

70. Резидент тікелей инвестицияларды, жарғылық капиталға қатысуды, бағалы қағаздармен операцияларды тіркеу үшін 5), 8), 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды қоспағанда, Заңның 10-бабында көзделген құжаттарды ұ с ы н а д ы .

Тіркеуге арналған өтініш көрсетілген қосымшаның 2-бөлімін толтыра отырып, осы Ереженің 10-қосымшасында белгіленген нысан бойынша ұсынылады.

71. Жарғылық капиталға қатысуға байланысты мәмілелер бойынша инвестициялау объектісі немесе тікелей инвестор болып табылатын резидент тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда), осы Ереженің 12-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепті валюта шартын тіркеген жерге ұсынады.

72. Өзге жағдайларда резидент валюта шарты бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) осы Ереженің 13-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепті валюта шартын тіркеген жерге ұсынады.

12-тарау. Резиденттердің шетелдік банктерде шоттар ашуы

73. Резидент Заңның 25-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес шетелдік банктерде шоттар ашуды тіркеу үшін 5), 8), 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды қоспағанда, Заңның 10-бабында көзделген құжаттарды ұ л т т ы қ Б а н к к е ұ с ы н а д ы .

Тіркеуге арналған өтініш көрсетілген қосымшаның 3-бөлімін толтыра отырып, осы Ереженің 10-қосымшасында белгіленген нысан бойынша ұ с ы н ы л а д ы .

Валюта шарты ретінде резиденттің филиал (өкілдік) ашу туралы бұйрығы

немесе өзге құжат және ол туралы ереже, сондай-ақ шетелдік банкпен шот ашуға шарт (ол болған кезде) ұсынылады.

74. Шетелдік банкте ашылуына тіркеу куәлігі алынған резидент заңды тұлғаның шотына оның филиалының (өкілдігінің) шығыстарын қаржыландыруға арналған мынадай қаражат есептелуі мүмкін:

уәкілетті банктердегі резидент заңды тұлғаның шотынан аударымдар; резидент заңды тұлға, оның филиалдары (өкілдіктері) жүзеге асырған экспорттан түсімдердің түсуі.

75. Резидент заңды тұлға тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) осы Ереженің 8-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепті валюта шартын тіркеген жерге ұсынады.

13-тарау. Капитал қозғалысының басқа операциялары

76. Резидент капитал қозғалысының басқа операцияларын тіркеу үшін 5), 8), 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды қоспағанда, Заңның 10-бабында көзделген құжаттарды Ұлттық Банкке ұсынады.

Тіркеуге арналған өтініш көрсетілген қосымшаның 4-бөлімін толтыра отырып, осы Ереженің 10-қосымшасында белгіленген нысан бойынша ұсынылады.

77. Резидент тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда), тараптар міндеттемелерін толық орындағанға дейін осы Ереженің 13-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепті валюта шартын тіркеген жерге ұсынады.

14-тарау. Жеке жағдайлар

78. Қатысушылар (тараптар және үшінші тұлғалар) ретінде бірнеше резиденттер болатын валюта шартын тіркеу кезінде тіркеу үшін валюта шарты (валюта операциясы) сомасының басым бір бөлігі тиесілі валюта шартының резидент тарабы, мұндай тарап болмаған кезде резидент еместің алдындағы міндеттемелерді орындауды бірінші бастайтын валюта шартының резидент тарабы өтініш беруі қажет. Өзге жағдайларда валюта шартының резидент тараптарының біреуі валюта шартының басқа резидент тараптарының жазбаша келісімімен тіркеуге өтініш береді.

Егер валюта шартында резидент тарап жоқ болса, онда тіркелу үшін қаражат алушы (жіберуші) болып табылатын немесе резидент еместің алдында міндеттемелері немесе резидент емеске талаптары туындайтын валюта шартының резидент қатысушысы өтініш жасауы қажет.

Тіркелу үшін валюта шартының тарабы болып табылмайтын кез келген резидент қатысушы валюта шартының басқа резидент қатысушылардың жазбаша келісімімен өтініш жасауына болады.

Тіркеуге арналған тиісті өтініште және тіркеу куәлігінде барлық резиденттер

және (немесе) резидент еместер - валюта шартының қатысушылары (кредитор - заемшы - төлеуші, кредитор - заемшы - гарант, инвестор - сатушы - инвестициялау объектісі, депозитарлық қолхатты шығарудың бастамашысы - депозитарлық қолхаттың эмитенті - базалық актив эмитенті, сатып алушы - сатушы - алушы, сондай-ақ валюта шартының өзге қатысушылары) көрсетіледі.

79. Қатысушылары бірнеше резиденттер болып табылатын валюта шарты бойынша тіркеу куәлігі Ұлттық Банкке тіркеуге өтінішті бірінші берген резидент қатысушыға беріледі. Шарттың өзге резидент қатысушылары резидент еместің пайдасына төлемді жүзеге асырған және (немесе) мұндай валюта шарты бойынша резидент еместен қаражат алған кезде уәкілетті банкке тіркеу куәлігінің нотариат куәландырған немесе Ұлттық Банк растаған көшірмесі ұсынылады.

Тіркеу куәлігінің түпнұсқасын алған валюта шартының резидент қатысушысынан тіркеу куәлігінің көшірмесін алу мүмкін емес болған жағдайда валюта шартының өзге резидент қатысушылары валюта шартының тіркелген жері бойынша тіркеу куәлігінің көшірмесін беру туралы еркін нысанда жазбаша өтініш жасай алады.

Тіркеу куәлігінің түпнұсқасын алған резиденттің жазбаша келісімімен басқа резидент қатысушы тиісті нысандағы әр тоқсандық мәліметтерді ұсына алады, бұл жөнінде валюта шарты тіркелген жерге жазбаша хабарлайды. Ұлттық Банктің тіркеу куәлігін берген аумақтық филиалының жазбаша келісімімен валюта шартына резидент қатысушылардың дербес резидент емеспен өзара міндеттемелерін орындауға қатысты бөлігінде әр тоқсандық мәліметтерді ұсынуда рұқсат беріледі.

Тіркеу куәлігі Ұлттық Банк валюта шартының барлық резидент қатысушыларынан міндеттемелерді толық орындағаны туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін күшін жойған деп саналады.

80. Осы Ереженің 4-бөлімінің 2-тарауына сәйкес:

резидент (резидент емес) міндеттемелерді (жалдау затын беру) орындағанға дейін 180 күн бұрын резидент емес (резидент) жалға алу ақысын жүзеге асырған жағдайда резидент еместер (резиденттер) жылжымайтын мүлікті (кәсіпорынды қоса жалпы мүліктік кешен) уақытша иелену және пайдалану құқығына ақы төлегенде;

180 күннен астам мерзімге сатып алынатын активтерге (тауарларды (жұмыс, қызмет көрсетуді) қоспағанда) ақы төлеу бойынша берешек туындағанда тіркелуі тиіс.

5-бөлім. Валюта операциялары туралы хабарлама

81. Банктер Ұлттық Банктің орталық аппаратына:

1) баламасы үш жүз мың АҚШ долларынан астам сомадағы мүліктің (қаражаттың) Қазақстан Республикасына түсуін және (немесе) резидентте мүлікті

(қаражатты) резидент емеске қайтару міндеттемелерінің туындауын көздейтін өз операциялары туралы ;

2) баламасы он мың АҚШ долларынан астам сомада Қазақстан Республикасынан қаражат аударуды (мүлікті беруді) және (немесе) резидентте мүлікті (қаражатты) резидент еместің қайтаруы талаптарының туындауын көздейтін өз операциялары туралы хабарлайды.

82. Өзге резиденттер, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары өз операциялары туралы жеке тұлғаның мекен-жайы бойынша не заңды тұлғаның тұрған жері бойынша:

Заңның 22-бабының 5-тармағына сәйкес туынды қаржы құралдарының базалық активіне қатысты құқықтар мен міндеттемелерді іске асырған; резидент жеке тұлғалар Заңның 25-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес шетелдік банктерде шоттар ашқан; резидент заңды тұлғалар Заңның 25-бабының 4-тармағының 2), 4), 5) тармақшаларына сәйкес шетелдік банктерде шоттар ашқан жағдайларда Ұлттық Банктің аумақтық филиалына хабарлайды.

83. Жеке тұлға жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алуға байланысты ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын жүргізген кезде жеке тұлғаға Ұлттық Банкке валюта операцияларын жүргізу туралы хабарлау қажет емес. Жеке тұлғаның көрсетілген ақша төлемдері және (немесе) аударымдары туралы осы Ереженің 91-тармағына сәйкес уәкілетті банк хабарлайды.

84. Резидент өз операциялары туралы хабарламаны қосымшаның 1-4 бөлімдерін толтыра отырып, осы Ереженің 10-қосымшасында белгіленген нысан бойынша Ұлттық Банкке ұсынады.

Резидент хабарламада барлық қажетті ақпарат болған кезде осы Ереженің 14-қосымшасында белгіленген нысан бойынша белгіленген үлгідегі хабарлама туралы куәлікті алады.

Хабарламада барлық қажетті ақпарат болмаған кезде, сондай-ақ мәмілелердің жағдайларын және операция жіктеулерін және оның қатысушыларын нақтылау үшін Ұлттық Банк валюта шартының көшірмесін сұратуға құқылы.

85. Хабарлама туралы куәлік тараптар міндеттемелерін (оның ішінде валюта шартының қолданылу мерзімі аяқталатын күнге орындалмаған міндеттемелер) толық орындағанға дейін қолданылады.

86. Резидент қолданылу кезеңінде туындайтын тіркелген валюта шартына барлық өзгерістер мен толықтыруларды мұндай өзгерістер мен толықтырулар енгізген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей валюта операциясы туралы хабарламаның орны бойынша хабарлайды.

Хабарлама туралы жаңа куәлік бұрын берілген хабарлама туралы куәлікте көрсетілген мынадай көрсеткіштер өзгерген кезде талап етіледі:

валюта шарты сомасының көбеюі;

валюта шартының валютасы;

валюта шартына қатысушылар;

валюта шартының мәні;

валюта шартының қолданылу мерзімі - қысқа мерзімдіден (бір жыл және одан кем) ұзақ мерзімдіге (бір жылдан астам) өту кезінде;

резиденттің тұрақты тұратын (болатын) мекені - басқа облысқа қайта орналасу кезінде;

резидент еместің тұрақты тұратын (болатын) мекені - басқа елге қайта орналасу кезінде (жеке тұлғаның тұрақты тұратын елінің өзгеруі немесе заңды тұлғаны тіркеу).

87. Хабарландыру туралы куәлік мынадай жағдайларда күшін жойған деп саналады:

егер валюта операциясы заңнамада белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылса;

хабарлама туралы жаңа куәлік берген кезде;

Ұлттық Банк резиденттен тараптардың міндеттемелерді толық орындағаны, кредитордың борышты толық немесе ішінара есептен шығарғаны (кешіргені) және (немесе) тараптардың валюта шартын бұзғаны туралы хабарлама алғаннан кейін;

Ұлттық Банк резиденттен шетел банкінде шотты жабу туралы жазбаша хабар алғаннан кейін;

Ұлттық Банк резиденттен қаржыландыру үшін шетелдік банкте шот ашылған филиалды және (немесе) өкілдікті жабу туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін;

заңды тұлғаны таратуға байланысты міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігі немесе құқықтық мұрагері болмаған кезде жеке тұлғаның қайтыс болуы.

88. Банк хабарландыру куәлігін алмай-ақ бағалы қағаздар туралы халықаралық операциялар, сыртқы қаржылық активтер және міндеттемелер туралы мемлекеттік статистикалық есеп беру шеңберінде мынадай өз операциялары туралы Ұлттық Банкке хабарлайды:

180 күннен астам мерзімге резидент еместерге берілген коммерциялық кредиттер және қаржылық заемдар;

резидент еместердің бағалы қағаздарын сатып алу, резидент еместермен туынды қаржы құралдарымен операциялар, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының базалық активіне қатысты құқықтар мен міндеттемелерді іске асыру;

бірлескен қызметке қатысушының міндеттемелерін орындау мақсатында ақшаны және өзге мүлікті өткізу және алу.

89. Резидент (банктер мен жеке тұлғаларды қоспағанда) алынған хабарлама туралы куәліктері бойынша тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда), осы Ереженің 8, 13-қосымшаларында белгіленген нысандар бойынша есептерді валюта операциясы туралы хабарлама берген жерге ұсынады.

Банк өздері алған хабарлама туралы куәліктері бойынша тоқсан сайын резидент еместермен бағалы қағаздар бойынша халықаралық операциялар туралы, сыртқы қаржылық активтер және міндеттемелер туралы, тартылған сыртқы заемдар туралы мемлекеттік статистикалық есеп беру шеңберінде мәліметтерді валюта операциясы туралы хабарлама берген жерге ұсынады.

Резидент жеке тұлға Ұлттық Банктің сұратуы бойынша шетелдік банктің шоттың жай-күйі туралы үзінді-көшірмелерін валюта операциясы туралы хабарлама берген жерге ұсынады.

90. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары клиенттердің тапсырмасы бойынша жүзеге асырылатын операциялар туралы бағалы қағаздар бойынша халықаралық операциялар туралы мемлекеттік статистикалық есеп беру шеңберінде Ұлттық Банктің орталық аппаратына хабарлайды.

91. Уәкілетті банк тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) резидент клиенттердің тапсырмасы бойынша өткізілетін мынадай операциялары:

егер резидент еместің бастапқы сатып алғаны осы Ережелерге сәйкес тіркеуге жатпайтын болса, резиденттің резидент еместен басқа резиденттің акцияларын (қатысу үлестерін, инвестициялық қорлардың пайларын) сатып алуы;

егер резиденттің бастапқы сатып алғаны осы Ережелерге сәйкес тіркеуге жатпайтын болса, резиденттің басқа резидент еместің акцияларын (қатысу үлестерін, инвестициялық қорлардың пайлары) резидент емеске сатуы;

егер резиденттің бастапқы сатып алғаны осы Ережелерге сәйкес тіркеуге жатпайтын болса, резиденттердің шекарадан тыс жерлерде жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алумен байланысты резиденттерге аударымдары туралы есепті осы Ереженің 13-қосымшасында белгіленген нысан бойынша Ұлттық Банктің орталық аппаратына ұсынады.

92. Уәкілетті банк, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда), мұндай клиенттерде хабарлама туралы куәлігі болмаған кезде, клиенттердің тапсырмасы бойынша жүргізілетін операциялар туралы есепті осы Ереженің 13-қосымшасында белгіленген нысан бойынша Ұлттық Банктің орталық аппаратына ұсынады.

6-бөлім. Өтпелі ережелер

93. Осы Ереже қолданысқа енгізілгенге дейін Ұлттық Банк берген лицензия лицензияланатын операциялар бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады және осы Ережелерде және "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздемелер бойынша өзінің қолданылуын тоқтатады.

Осы Ереже қолданысқа енгізілгенге дейін Ұлттық Банк берген тіркеу куәліктері валюта шарты бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады және осы Ережелерде көзделген негіздемелер бойынша күшін жойған деп саналады.

Валюта операцияларын жүргізуге, шоттар ашуға осы Ереже қолданысқа енгізілгенге дейін лицензия, тіркеу куәлігін алған резидент осы Ережеде белгіленген нысан бойынша, тәртіппен және мерзімде есепті ұсынады.

Осы Ережелерге сәйкес лицензиялауға, тіркеуге жатпайтын валюта операциясын жүргізуге, шотты ашуға осы Ереже қолданысқа енгізілгенге дейін лицензия, тіркеу куәлігін алған резидент ерікті түрде лицензияны, тіркеу куәлігін қайтара алады және осы Ережелерде көзделген жағдайларда тиісті валюта операциясына тіркеу куәлігін, хабарлама туралы куәлігін алуға өтініш жасайды. Қайтарылған тіркеу куәліктері күшін жойған деп саналады.

94. Осы Ережелерге сәйкес лицензиялауға, тіркеуге жатпайтын валюта операциясын жүргізуге, шотты ашуға осы Ереже қолданысқа енгізілгенге дейін лицензия, тіркеу куәлігін алуға өтініш берген резиденттердің, егер валюта операциясына, шотты ашуға қатысты осы Ережеде валюталық реттеудің өзге режимі қолданылатын болса, тіркеу куәлігін, хабарлама туралы куәлікті алуға арналған өтінішті қайта беруі қажет емес.

Бұл ретте осы резиденттерге осы Ережелерде көзделген тәртіппен тиісті тіркеу куәліктері, хабарлама туралы куәліктер беріледі.

95. Резидент еместердің осы Ереже қолданысқа енгізілгенге дейін тіркеу куәлігі берілген резиденттерге берген және валюта шартының толық сомасына мәміле паспортын ресімдеуді қажет ететін экспортты (импортты) көздейтін коммерциялық кредиттер бойынша берілген тіркеу куәліктеріне сәйкес есеп беруді қажет етпейді.

Бұл ретте резидент валюта шарты бойынша міндеттемелерді толық орындаған жағдайда бұл жөнінде Ұлттық Банктің тіркеу куәлігін берген аумақтық филиалына жазбаша хабарлайды.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру ережесіне

200 ___ жылғы _____ айдағы
Ұлттық Банктің тіркеу куәліктері және хабарлама туралы
куәліктер бойынша қаражаттың қозғалысы туралы есеп

Уәкілетті банктің атауы _____

КҰЖЖ коды _____

P/c N	тіркеу куәлігі- нің/ хабар- лама тура- лы куәлік- тің нө- мірі	А қ ш а жіберуші		Бенефициар		Төлем бел- гілеу коды (ТБК)	Тө- лем кү- ні	Тө- лем ва- лю- та- сы	Төлем сома- сы (мың төлем валю- тасы- мен)	Ес- кер- ту
		Рези- дент- тік бел- гісі	Ата- уы/ аты- жөні	Рези- дент- тік бел- гісі	Атауы/ аты- жөні					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Бас бухгалтер _____

(а т ы - ж ө н і) (қ о л ы)

Орындаушы _____

(а т ы - ж ө н і) (қ о л ы)

200 ___ жылғы " ___ " _____

| Мөр орны |

1-қосымшаны толтыру жөніндегі нұсқау

"Ұлттық Банктің тіркеу куәліктері және хабарлама туралы куәліктер бойынша қаражаттың қозғалысы туралы есепті" уәкілетті банктер Ұлттық Банкте тіркелген немесе оларға Ұлттық Банктің хабарлама туралы куәліктері алынған валюта шарттары негізінде жүзеге асырылған барлық төлемдер (түсімдер) бойынша ұсынады. Есептің 3-10-бағандары ақша аударуға берілген өтініш және өзге төлем құжаттары негізінде, Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану туралы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес толтырылады. Егер төлем сомасына банктің (алушы банкінің және/немесе жіберуші банкінің) комиссиясы кірсе, комиссия сомасы "Ескерту" 11-бағанында көрсетіледі. Ескертуде сондай-ақ төлемнің өзге де ерекше талаптарына сілтемелер болады.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру ережесіне

2-қосымша

200 ___ жылғы "___" _____

№ _____ ЛИЦЕНЗИЯ

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 200 ___ жылғы "___" _____ № _____ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесіне сәйкес _____

(заңды тұлғаның атауы/резиденттің аты-жөні)
_____ лицензия береді.

(мәмілені жіктеу немесе мақсаты)

Валюта шарты туралы/шетел банкіндегі шот туралы мәліметтер (бар болса):

1. Валюта шартының аты, нөмірі, күні
2. Валюта шартының қатысушылары:

(заңды тұлғаның атауы / резиденттің аты-жөні)

(заңды тұлғаның атауы / резидент еместің аты-жөні, елі)

(өзге заңды тұлғалардың атауы / аты-жөні, елі)

3. Лицензияланатын операцияның жалпы сомасы (бар болса) / шоттағы қаражат қалдығының лимиті _____

(шарт/шот валютасымен сандармен және жазумен)

4. Шарттың/шоттың валютасы _____

Жоғарыда көрсетілген операция бойынша ақша төлемдері мен аударымдары (операциялық лицензияларды қоспағанда) олар бойынша валюталық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндет жүктелетін уәкілетті банк _____

----- арқылы жүргізілуі тиіс.

Лицензияланатын операциялар жөніндегі міндеттемелер 200_жылғы "___" _____ дейінгі мерзімде толық көлемде орындалуы тиіс (коммерциялық кредиттер үшін).

Осы лицензия _____ болып табылады және қолдану
(бір жолғы/операциялық) _____

(тараптар міндеттемелерді орындағаннан кейін/ активті иелену
_____ тоқтатылады.

аяқталғаннан кейін/ шот жабылғаннан кейін)
Лицензиат _____ есептік кезеңнен (қоса алғанда)
(тоқсан сайын/ай сайын)

кейін ____ күнге дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының 2005 жылғы "____" _____ N ____ қаулысымен
бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру
ережесінің _____ қосымшасында белгіленген нысан бойынша есеп ұсынады.

Лицензиат (заңды тұлға, сондай-ақ жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке
тұлға) ай сайын, ____ күнге дейін (қоса алғанда) Ұлттық Банкке шетелдік банкте
ашылған шот бойынша үзінді-көшірмелердің түпнұсқаларын ұсынады.

Қосымша талаптар: _____

Ескерту: _____

Лицензиат осы лицензия берілген талаптарды сақтауға міндетті.

Осы лицензияның шарттарынан туындайтын құқықтар үшінші тұлғаларға
б е р і л м е у і т и і с .

Лицензия Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан берілген
лицензия негізінде жүргізілген операция бойынша қандай да болмасын
міндеттемелерсіз берілген.

Төрағаның _____
орынбасары _____ (қолы) _____ (аты-жөні)

_____ | М ө р о р н ы | _____

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру ережесіне

3-қосымша

**Коммерциялық кредиттер бойынша резиденттер
және резидент еместер арасында төлемдер жүргізу
көзделетін лицензияланған операция бойынша
міндеттемелерді орындау мерзімінің аяқталғаны
туралы ақпарат**

Лицензиаттың атауы _____

Лицензиаттың КҰЖЖ коды (заңды тұлғалар үшін) _____

Лицензиаттың СТН _____

Почталық мекен-жайы, телефоны, факсы _____

Ұлттық Банк лицензиясының нөмірі және

берілген күні _____
 Ұлттық Банктің лицензиясын қолдану мерзімі _____
 Лицензияның валютасы және сомасы _____
 Мәміленің түрі (экспорт/импорт) _____
 Мәміле жөніндегі қарсы агенттің атауы _____
 және орналасқан жері _____
 Келісім-шарттың деректемелері _____

_____ осы арқылы
 (уәкілетті банктің /уәкілетті банк филиалының атауы)
 көрсетілген лицензиаттың лицензияда белгіленген мерзімде, резиденттер және резидент еместер арасында коммерциялық кредиттер бойынша төлемдер жүргізу/жеткізілімдер, лицензияның мерзімі аяқталғаннан кейін төлемдердің түсуі (қажетсізін сызып тастау керек) көзделетін лицензияланған операциялар бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етпегені туралы хабарлайды.

Мәміле жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы мәліметтер төменде келтірілген:

Резидент төледі/жеткізді		Резидент емес төледі/жеткізді	
Күні	Валютасы және сомасы	Күні	Валютасы және сомасы

N _____ (бар болған кезде)

лицензия бойынша бұрын жіберілген хабарлардың нөмірі және күні
 (Филиалдың / банк бөлімшесінің басшысы) _____
 (аты-жөні) (қолы)

Орындаушы _____
 (аты-жөні, телефоны) (қолы)

200 ____ жылғы " ____ " _____ | Мөр орны |

Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесіне

(мәміленің жіктелуі және мақсаты)

лицензия алуға арналған өтініш

(заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны және атауы/жеке тұлға
өтініш берушінің аты-жөні)

КҰЖЖ коды -----

Өтініш берушінің салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) -----

Мекен-жайы -----

Байланыс телефоны -----

1. -----

арасында жасалған 200 ___ жылғы "___" _____ N___ шарт.

2. Лицензиялауға жататын операцияның сомасы (шоттағы қаражат қалдығының ай соңындағы болжамды лимиті)

(шарттың (шоттың) валютасымен сандармен және жазумен)

3. Шарттың / шоттың валютасы -----

4. Ұлттық Банктің осы шарт бойынша бұрын берілген лицензияларының нөмірлері: -----

5. Ұлттық Банктің осы шарт бойынша бұрын берілген тіркеу куәліктерінің нөмірлері: -----

6. Ұлттық Банктің осы шарт бойынша бұрын берілген хабарламалар туралы куәліктердің нөмірлері: -----

7. Өтініш берушінің шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын растайтын жазба (шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін).

И ә _____ Ж о қ _____

Одан әрі өтініш берілетін валюталық операцияға сәйкес келетін бөлім ғана толтырылады

1-бөлім. Коммерциялық кредиттер

1.	Лицензиялауға жататын операция бойынша валюталық бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті банктің атауы	
2.	Мәміле паспортының нөмірі (экспорттық-импорттық валюталық бақылауға жататын мәмілелер үшін)	
3.	Өтініш беруші лицензияда белгілеуді өтінетін, аяқталғанға дейін лицензияланатын операция бойынша міндеттемелер толық көлемде орындалатын мерзім (нақты мерзім - күн, ай, жыл көрсетіледі)	
4.		

Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды (кодтары) (тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін жекелеген тауарлардың экспорты көзделетін келісім-шартқа лицензия алу үшін)

2-бөлім. Жарғылық капиталға қатысу, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операциялар

2.1. Бір жолғы лицензия алу үшін		
1.	Базалық активтің атауы	
2.	Инвестициялау объектісінің атауы	
3.	Инвестициялау объектісінің заңды тіркелген елі	
4.	Инвестициялау объектісінің орналасқан жері	
5.	Инвестициялау объектісі қызметінің негізгі түрі	
6.	Инвестициялау объектісінің құрылтай құжаттары бойынша жарғылық капиталы	
7.	Инвестициялау объектісінің жарғылық капиталындағы сатып алынатын үлес, пайызбен	
8.	Заңнамасы бойынша бағалы қағаздар шығарылған ел	
9.	Тіркеу нөмірін және күнін көрсете отырып, бағалы қағаздарды тіркеген орган	
10.	Бағалы қағаздардың түрі, бағалы қағаздардың бірегейлендіру коды (ISIN)	
11.	Бағалы қағаздар шығарылымының валютасы және нысаны	
12.	Тіркеушінің атауы	
13.	Тіркеушінің орналасқан жері	
14.	Бағалы қағаздың және/немесе эмитенттің рейтингтік бағалары туралы мәліметтер	
15.	Бағалы қағаздардың олар тіркелген елдегі және басқа елдердегі қор биржаларының сауда алаңдарындағы айналысы туралы мәліметтер	
2.2. Операциялық лицензия алу үшін:		

1.	Брокерлік және дилерлік қызметті (инвестициялық портфельді басқаруға) Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген лицензияның нөмірі және берілген күні	
2.	Инвестициялық қорлардың толық атауы (басқарушы компаниялар үшін)	
3.	Инвестициялық қордың кастодианының толық атауы және орналасқан жері (әрбір инвестициялық қор бойынша басқарушы компаниялар үшін)	
4.	Инвестициялық қордың тіркеушісінің толық атауы және орналасқан жері (әрбір инвестициялық қор бойынша басқарушы компаниялар үшін)	

3-бөлім. Шетелде шот ашу

1-бөлім. Заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін		
1.	Шоттың болжамды режимінің сипаты	
2.	Шот ашылатын шетелдік банктің деректемелері (атауы, мекен-жайы, SWIFT коды және өзге де банктік деректемелері)	
3.	Шоттар ашуға байланысты операциялар бойынша уәкілетті банктердегі шоттар арқылы валюталық операцияларды жүзеге асыру мүмкіндігінің болмауын негіздеу	
2-бөлім. Жеке тұлғалар үшін		
1.	Шот ашылатын шетелдік банктің деректемелері (атауы, мекен-жайы, SWIFT коды және өзге де банктік деректемелері)	
2.	Шоттың мақсаты	

8. Басқа да талаптар _____

Өтініш берушінің уәкілетті тұлғасы:

(лауазымы) (аты-жөні) (қолы)

200 ____ жылғы " ____ " _____ | Мөр орны |

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру ережесіне

5-қосымша

20 ____ жылғы ____ тоқсандағы

**Тараптардың коммерциялық кредит бойынша
міндеттемелерінің орындалуы туралы есеп**

Лицензиаттың атауы _____

Лицензиаттың КҰЖЖ коды _____

Лицензиаттың СТН _____

Почталық мекен-жайы, телефоны, факсы _____

Ұлттық Банк лицензиясының нөмірі және

берілген күні

р/с N	көрсеткіштің атауы	жол- дың коды	мың валюта бірлі- гімен
1	2	3	4
1.	1. Лицензияланатын операцияның сомасы	100	
2.	2. Есептік кезеңнің басында міндеттемелердің орындалуы:		
3.	- резидент барлығы сомаға	200	
4.	- резидент емес барлығы сомаға	300	
5.	3. Есептік кезеңде орындалуы тиіс міндеттемелер:		
6.	- резидент барлығы сомаға	210	
7.	- резидент емес барлығы сомаға	310	
8.	4. Есептік кезеңде нақты орындалған міндеттемелер:		

9.	- резидент барлығы сомаға	220	
10.	оның ішінде:		
11.	- келісім-шартта белгіленген нысанда орындалған міндеттемелер	221	
12.	- өзге нысанда орындалған міндеттемелер	222	
13.	- импорт бойынша бұрын алынған тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) немесе экспорт бойынша ақшаны қайтару	223	
14.	- резидент емес барлығы сомаға	320	
15.	оның ішінде:		
16.	- келісім-шартта белгіленген нысанда орындалған міндеттемелер	321	
17.	- өзге нысанда орындалған міндеттемелер	322	
18.	- экспорт бойынша бұрын жеткізілген тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) немесе импорт бойынша ақшаны қайтару	323	
19.	5. Есептік кезең соңында есептелген айыппұлдар (өсімпұлдар)		
20.	- резидент барлығы сомаға	230	
21.	- резидент емес барлығы сомаға	330	
22.	6. Есептік кезең соңында алынған/төленген айыппұлдар (өсімпұлдар)		
23.	- резидент барлығы сомаға	240	
24.	- резидент емес барлығы сомаға	340	
25.	7. Есептік кезең соңында орындалған міндеттемелер:		
26.	- резидент барлығы сомаға	250	
27.	- резидент емес барлығы сомаға	350	
28.	8. Есептік кезең соңында резидент еместің резиденттің алдындағы міндеттемелерін барлығы мынадай сомаға нақты орындамағаны	400	

Басшы _____ (а т ы - ж ө н і) _____ (қ о л ы)

Бас бухгалтер _____ (а т ы - ж ө н і , т е л е ф о н ы) _____ (қ о л ы)

Орындаушы _____ (а т ы - ж ө н і , т е л е ф о н ы) _____ (қ о л ы)

5-қосымшаны толтыру жөніндегі нұсқау

"Тараптардың коммерциялық кредит бойынша міндеттемелерінің орындалуы туралы есепте" мәміледе мәміле паспортын ресімдеу талап етілетін тауарлар экспорты/импорты көзделетін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы резидентінің және резиденті еместің Ұлттық Банктің лицензиясы алынған капитал қозғалысының операцияларын жүргізу көзделетін өзара міндеттемелерінің жай-күйі көрсетіледі.

Есеп келісім-шарттың мың валюта бірлігімен толтырылады.

100 деген коды бар жолда келісім-шарттың Ұлттық Банктің лицензиясы алынған сомасы көрсетіледі.

200 (300) коды бар жолда резиденттің (резидент еместің) резидент емес (резидент) алдындағы орындалған міндеттемелерінің есептік кезеңнің басындағы лицензияланатын операция шеңберіндегі өспелі жиынтығымен жалпы сомасы көрсетіледі. 222 және 322 кодтары бар жолдар резиденттің/резидент еместің міндеттемелерді келісім-шарттың талаптарында көзделмеген өзге нысанда (талдау керек) орындаған жағдайда толтырылады. Мысалы, есеп айырысудың келісім-шарттың талаптарында айқындалған ақшалай нысаны тауарларды (жұмысты, қызмет көрсетуді) қарама-қарсы жеткізуге, бағалы қағаздарға, материалдық емес активтерге меншік құқығын өткізуге және т.с. ауыстырылады.

220 коды бар жол = 221+222+223 кодтары бар жолдар

320 коды бар жол = 321+322+323 кодтары бар жолдар

250 коды бар жол = 200+220 кодтары бар жолдар

350 коды бар жол = 300+320 кодтары бар жолдар

400 коды бар жол = (250-350) + (230-240) - (330-340) кодтары бар жолдар

223 коды бар жолда резиденттің импорт бойынша бұрын алынған тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) немесе экспорт бойынша ақшаны (осындайлар бар болса) қайтару сомасы көрсетіледі.

323 коды бар жолда резидент еместің экспорт бойынша бұрын жеткізілген тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) немесе импорт бойынша ақшаны (осындайлар бар болса) қайтару сомасы көрсетіледі.

Лицензия алғанға дейін жүргізілген, сондай-ақ кейіннен жүргізілген және лицензияның болуы талап етілмейтін валюталық операциялардың жалпы сомасы осы есептілікте көрсетілмейді.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды

6-қосымша

20___ жылғы _____ тоқсандағы

**Бір жолғы лицензия негізінде жарғылық капиталға,
бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен
операцияларға қатысу жөніндегі есеп**

Лицензиаттың атауы _____

Лицензиаттың КҰЖЖ коды _____

Лицензиаттың СТН _____

Почталық мекен-жайы, телефоны, факсы _____

Ұлттық Банк лицензиясының нөмірі және
берілген күні

(мың АҚШ долларымен)

Р/с N	Көрсеткіштің атауы	Жол- дың коды	Есептік кезеңнің басын - дағы жинақ- талған құны	Есептік кезеңдегі опера- циялар
1	2	3	4	5
1.	Лицензиаттың мынадай нысандағы активтері (10=11+12+13+14):	10		
2.	1) жарғылық капиталға қатысу (акцияларды қоспағанда)	11		
3.	2) акциялар	12		
4.	3) басқа бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдарын қоспағанда)	13		
5.	4) туынды қаржы құралдары	14		
6.	Есептелген кірістер (20=21+22+23):	20		
7.	1) дивидендтер және инвестициялау объектісінің бөлінбеген пайдасы түріндегі	21		
8.	2) бағалы қағаздар бойынша сыйақылар	22		
9.	3) басқалары (талдау керек)	23		
10.	оның ішінде нақты алынғаны (30=31+32+33):	30		
11.	1) дивидендтер	31		
12.	2) сыйақылар	32		

А н ы қ т а м а р е т і н д е :

1. Резидент емес инвестициялау объектісінің _____ есептік кезең соңындағы мың валюта бірлігіндегі жарияланған жарғылық капиталы (құрылтай құжаттары бойынша).
2. Резидент емес инвестициялау объектісінің _____ есептік кезең соңындағы мың валюта бірлігіндегі төленген жарғылық к а п и т а л ы .
3. Лицензиаттың резидент емес инвестициялау объектісінің жарияланған жарғылық капиталындағы есептік кезең соңындағы жағдай бойынша пайызбен және құнмен (мың валюта бірлігіндегі) көрсетілген үлесі _____
-
4. Резиденттің резидент еместің төленген жарғылық капиталындағы есептік кезең соңындағы жағдай бойынша пайызбен және құнмен (мың валюта бірлігіндегі) көрсетілген үлесі _____
5. Мыналардың нәтижесінде активті иеленудің аяқталуы туралы мәліметтер:
 - а) эмитенттің бағалы қағазды өтеуі _____
 - б) резидентке (резиденттің атауы/аты-жөні, СТН) сату _____
 -
 - в) резидент емеске сату _____
 - г) туынды қаржы құралдарының базалық активіне құқықтарды өткізу _____
 - д) басқа операциялар (талдау керек)

Басшы _____ (а т ы - ж ө н і) _____ (қ о л ы)

Бас бухгалтер _____ (а т ы - ж ө н і , т е л е ф о н ы) _____ (қ о л ы)

Орындаушы _____ (а т ы - ж ө н і , т е л е ф о н ы) _____ (қ о л ы)

200 ____ жылғы " ____ " _____ | Мөр орны |

6-қосымшаны толтыру жөніндегі нұсқау

"Бір жолғы лицензия негізінде жарғылық капиталға, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операцияларға қатысу жөніндегі есепте" Қазақстан Республикасының резиденті активтерінің есептік тоқсанның басындағы жай-күйі және жарғылық капиталға, резидент еместердің бағалы қағаздарын сатып алуға және резидент еместермен туынды қаржы құралдарымен операциялар жүргізуге қатысу көзделетін шарттар негізіне туындайтын

өзгерістер жөніндегі ақпарат көрсетіледі.

Резиденттің инвестициялау объектісі резидент еместің жарғылық капиталына қатысу үлесі туралы және активті иеленудің аяқталуы туралы жалпы мәліметтер анықтама бөлігінде көрсетіледі.

Активтердің тоқсан басындағы жай-күйі олардың тиісті күнгі нарықтық құны бойынша көрсетіледі. Егер туынды қаржы құралының есептік кезеңдегі құны резиденттің пайдасына қалыптаспаған жағдайда, онда 14 деген коды бар жолда (3-баған) құн теріс белгімен көрсетіледі. Есептік кезеңдегі операциялар олардың нақты құны бойынша көрсетіледі. Өзге валюталармен көрсетілген деректер тиісінше тоқсанның басындағы немесе операция жүргізу күніндегі бухгалтерлік есеп мақсаты үшін белгіленген бағам бойынша АҚШ долларына аударылады.

Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесіне

7-қосымша

20__ жылғы ____ айдағы

Операциялық лицензия негізінде жарғылық капиталға, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операцияларға қатысу жөніндегі есеп

Лицензиаттың атауы _____

Лицензиаттың КҰЖЖ коды _____

Лицензиаттың СТН _____

Почталық мекен-жайы, телефоны, факсы _____

Ұлттық Банк лицензиясының нөмірі және берілген күні _____

1-кесте

Тармақ-шаның нөмірі	Бағалы қағаздың /з а н д ы тұлғаның/ активтің атауы	Бағалы қағаздың/эмитенттің рейтингтері			Қор бир-жасының атауы/ нарық	Ұ Б Н немесе ISIN
		Moody's	S&P	Fitch		
1	2	3	4	5	6	7
1-бөлік. Резидент еместердің бағалы қағаздары (талдау керек)						
2-бөлік. Резидент еместердің капиталына қатысу үлесі (талдау керек)						

3-бөлік. Резидент еместер-инвестициялық қорлардың пайлары (талдау керек)					
4-бөлік. Басқа қаржы құралдары, оның ішінде резидент еместермен мәмілелер бойынша туынды қаржы құралдары (талдау керек)					

кестенің жалғасы

Құрылтай құжаттары бойынша эмиссияның/ жарғылық капиталдың валютасы	Эмитенттің / инвестициялау объектісінің атауы	Эмитенттің / инвестициялау объектісінің елі	Дауыс беретін акциялардың қатысушылар даусының жалпы санындағы үлесі (%-бен)	Өтеу күні	Сатып алу құны (мың АҚШ доллары)
8	9	10	11	12	13

1-бөлік. Резидент еместердің бағалы қағаздары (талдау керек)

--	--	--	--	--	--

2-бөлік. Резидент еместердің капиталына қатысу үлесі
(талдау керек)

--	--	--	--	--	--

3-бөлік. Резидент еместер-инвестициялық қорлардың пайлары
(талдау керек)

--	--	--	--	--	--

4-бөлік. Басқа қаржы құралдары, оның ішінде резидент еместермен мәмілелер бойынша туынды қаржы құралдары (талдау керек)

--	--	--	--	--	--

2-кесте

